




СЕЙДИМБЕК

АҚСЕЛЕУ

АЖЖЫЗ



СЕЙДИМБЕК

АҚСЕЛЕУ

АЖКЫЗ

Повестер мен әңгімелер



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2002

ББК 84(5 қаз)
С 31

Сейдімбек А.
С 31 . Аққыз. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 бет.

ISBN 9965–05–651–X

Жинаққа жазушының оқырман қауым ықыласына бөленген «Күзеуде», «Аққыз» сияқты повестері мен әңгімелері енді.

Бұл шығармаларда халқымыздың рухани биік парасаты, төлтума қасиеттері, мәдени бітімі шыншылдықпен көрініс тауып, ата-бабаның арман-аңсары, адам өмірінің мәні мен сәні сөз болады. Жазушының құнарлы тілі, халықтың тарихы мен өмір салтына жүйріктігі айрықша ден қойғызады.

С $\frac{470225201 - 265}{418(05) - 2002}$ хабарландырусыз – 2002

ББК 84(5 қаз)

ISBN 9965–05–651–X

© Сейдімбек А., 2002

© «Атамұра» баспасы, 2002

Тобестер

*... білектің күшімен бас иілсе де,
жүрек иілер ме?!*

КҮЗЕУДЕ

Аяулы ана — Күләнданың аруағына белгі.

Автор

Сарыарқаның саумал иісті, сары ала жапырақты күзі еді. Бұл кездің жер бауырлап жатып алатын қорғасын бұлты да, көк иық етіп ұзақ сілбілейтін жауыны да, бой жаздырмас ызғарлы суығы да әзірше білінбей тұр. Оның орнына күзгі таңның хабаршысындай болып басталатын майда леп күн арқан бойы көтерілгенше толқи есіп, күй сазындай көңіл сергіте тербеумен болады. Күн көтеріле қоңыр күздің қоңыр лебі елеусіз ғана тынады. Осы сәтте әбден бояуы қанған табиғат қыс түспей соңғы рет дәурен күйін шертіп қалғысы келгендей малына құлпырады.

Осынау бір маужыр шақта табиғат шіркіннің бел баласындай болып Қопалы күзегінде жалғыз ғана қараша үй отыр еді. Күз реңімен ол да үндестік тауып, өзгеше бір сырлы, тылсым жұмбақтықпен мүлгиді. Сол жұмбақ қалпында іргеден басталған қалың қыртыс сары адырларға сұлу бетіндегі меңше жараса қалыпты. Сырт көзге сайын дала реңіндегі мұң сырдың жиынтығындай көрініп, еріксіз мойын бұрғызады.

...Атасу өзенінің ұзына бойын сіресе жайлаған қойшылар қоңыр күздің демі біліне қыстауларына қарай шашырай көшісіп еді. Үш ай жаз бойы сүлікше қадалған малдың нөпірі бұл өлкенің сонысын шайып, отын әбден сұйылтқан-ды. Сонсоң да бие баудың тебіні тозып, ат арқаны қалмаған малшылар аз күнде-ақ «әуп» десіп көшіп үлгерген. Осындай қалың дүрмек кезінде әлгі айтқан Қопалы күзегіне келіп, шаңырақ көтерген Ршыман ақсақалдың үйі болатын. Жылда қыс қыстауына көшерде Ршыман ақсақал: «Қамдайтын отын-су бар, ашық-тесігін бүтіндейтін кора-қопсы бар, түздің ит-құсы да аққұла қалың болады» деп қоярда-қоймастан бір отбасын көмекшілікке ала көшуші еді. Шаруашылық басшыларының «Реке-ау, балшықтан кісі жасай алмай отырған жоқпыз ба, күзгі науқан басылғанша бір отар қойды үй ішіңізбен дөңгелете тұрсаңыз болмай ма?» дегеніне де көнбей, табиғатынан адуын, бір беттігіне бағып отырып алатын.

Биыл Ршыман бөлек бір мінез танытты. Кемпірі Уәкила мен жалғыз ұлы Құдайменденің дегеніне де болмастан күз күзеуге жалғыз үй тартып отырды. Бір-екі рет Құдайменде:

— Әке, дау-дамайға кашанғы сіз жүгіресіз, басшылардан бір көмекшіні өзім-ақ сұрасам кайтеді, — деп еді.

— Шырағым, осы малдың қарыз-парызын солар да бізден кем ойламас... Білмей отыр ғой деймісің... Қашанғы сәумендей береміз, — деп Ршыман тыйып тастаған. Енді бірде шешіле сөйлеп, үй ішіне оң шырай беріп отырғанда:

— Құдайға шүкір, тұғырдан түсіп отырған ешқайсымыз жоқ қой. Көмекшісін берсе әне, бермесе тағы әне... Тас түссе талайымнан, тіптен бермесе екен, «еһе» дер ме екем... Жылда біреумен ырың-жырың болғанша, өзімізбен-өзіміздің дөңгеленгеніміз көш артық, — деп табиғатында жоқ көнбіс мінез танытқан.

Ршыман ақсақалдың бұл мінезінде түпкі есебі әзірше өзіне ғана мәлім бір сыр бар еді...

...Түс мезгілі болып қалған. Қараша үйдің киіз есігі тұрулі тұр. Есікке түскен жарыққа такала жайғасқан Уәкила жалғыз өзі шошайып таң атқалы жүн түтумен отыр. Аққұба өңін торлаған әжім қазір тереңдей түсіп, іштей егілген мұңлы кейіп танытады. Мандай тұсын шошайта тартқан жаулық астынан көрінген сұйықтау қияқ қасы әнтек түйіле түскен. Бұл сәтте ыстық жас шайып қызартқан аялы жанары да сирек қағылып, қажыған кейпін салқын сабырмен мәлімдейді. Осы қалпында түтіп отырған жүнге шұқшия түсіп, әлсіз ғана жағымды даусымен ыңылдап мұнды бір әуенге салады. Ол әуен қазіргі күйінің күрсіні сияқты жүрек түкпірінен шымырлай шығып, әлсін-әлсін жанарына ыстық жас боп толады.

Бұл қылығын дәл қазір оғаш санап отырған Уәкила жоқ. Қайта, осы бір оңаша қалар сәтті көптен күткендей, беріле егіледі. Аңсап кеп табысқандай шерлі әуенмен бірге толқып, сол әуеннен маукын басар жұбаныш іздейді.

Осы отырысында кішкене ғана әжімді қолын самарқау қозғап қоятыны болмаса, жүн түтіп отырғанын да ұмытқан. Жүн түту қазіргі күйінің сылтауы сияқты еді.

Бүгін құлқын сәріден тұрған Уәкила күйбендеп жүріп, шай-суын ертерек қамдап еді. Үй ішін қас-қабағымен жатқызып-өргізетін Ршыман тұнжырап отырып, ұзақ сораппен ішкен шай үстінде қойды Құдаймендеге өргіз деп емеурін етті. Құдайменде болса жалт етіп шүйкедей

шешесіне бір қарағаннан арыға бармай, екі-үш шыны аяқ шайын ішіп, апыл-ғұпыл киінді де, отарды өргізіп кетті.

Ршыман болса қой өріп кеткен соң да қаздып отырып қою шайды ұзақ сілтеді. Шай құйып беріп отырған кемпіріне «ләм» деп тіс жарған жоқ, жан-ау деп мойын да бұрмады. Тек қана бір-ақ рет босаған кесесін шиыра сырғытып қойып:

— Жарықтық, күнде ішетін бір-екі кесе аққа бауыр басып қалыппын. Биелер ағытылғалы шөлім басылуды қойды, — деп қатқыл қоңыр дауысымен үн қатты. Мұның өзі Уәкилаға айтылған сөз емес, өзімен-өзі боп, өзінің жай-күйіне таңырқағандай ғана шырай танытқан.

Шай ішіп болған соң, Ршыман бос кесеге ыстық су құйғызып алып, ұстарасымен сақал-мұртын басты. Мұнан кейін де тып-тығыз шокша сақалын сипалап, едәуір отырды. Әлі де қайраты қайтып, жаси қоймаған сақал-мұрты қияқтай қатты білінгенімен, ағы дендеп бурыл тартыпты. Оның өзі ат жақты, ақ сұр өңін ұзартып, зор қайратпен қоса қаталдық лебін танытады.

— Менің бір киерімді әперші, — деді әлден уақытта.

Уәкила болса табиғатындағы жұмсақ шыраймен таңдана қарап аз-кем тұрды да, «Мұнысы несі, тағы да?» деп ойлады. Іле кеберсіңкіреген жұп-жұқа ернін бір сылп еткізіп, үлкен сары әбдіренің ішінен кара ши барқыт камзол-шалбарын, көк ши барқыт шапанын алып берді.

Мұнан әрі Ршыман да уақыт алған жоқ. Ширак кимылдап жүріп киінді де, бұлақ басына келген атын ерттеп мініп, камшысын сұрады. Уәкиланың:

— Тойға баратындай болып қайда жиналдығың? — дегеніне де жауап қатпады. Тек қана жалт етіп, ақ-қарасы айқын аялы жанарын ызбармен қадап өтті. Мұнысы «жолаушының жолын кесіп, тықақтамас болар» дегені еді. Енді бір сәтте үй желкесіндегі Шілікті сайын өрлеп, бұландатып бара жатты.

Осыдан кейін-ақ Уәкиланың салы суға кеткен: не істеп, не қоярын білмей күйбежектей берген. Сонсоң неге екені белгісіз, Ршыманның пұшпақ бөркі қылтындап барып, шілікке сіңіп кеткенше Уәкила қадала қарап тұрды. Сол тұрысында іші-бауыры езіліп, жүрегін мұздатқан ой нәсері сан сактан қаумалап кетті. Алғашқыда өз ойынан өзі түршігіп, есік алдында қаққан қазықтай құр сүлдері тұрды. Сонсоң үй ішінің мәңгі таусылмас күйбің тіршілігіне үйренген әдетпен ішке енді. Сонда да ұйқыдан тұрғандай

мең-зең күйінен арылған жоқ. Тіпті не істеп, не қоярын білмей, абдырады да қалды. Кешегі түнлік ауыстырып салмақшы болған ниетінен де безді. Сол бетінде босағаға теңкіе сүйенген қапты қисайта салып, өзге шаруасы біткен адамша жүн түтуге отырды. Шынында да Уәкила бүгін жүн түтемін-ау, осылайша көз жасына ағыл-тегіл ерік берем-ау деп ойлаған жоқ-ты. Жүн түте отырып та санасын шырмаған шытырман ой күйеуі Ршыманның соңғы кездегі қылықтарын ұштай түскен.

Биыл көктемнен бастап Ршыман осындай бір әдет шығарып алды. Ала жаздай малына киініп алып, үйде болғаннан түзде болғаны көп болды. Бірде мал қараймын, бірде жайылым шолып қайтамын деп сылтауды да көбейтетін. Уәкила болса мұның бірін елемеген. Тек қана ертеден қара кешке қой соңында жүретін жалғыз ұлына жаны ашитыны болмаса, шалының кейінгі кездегі сергектігіне тіптен қуанып та қоятын. Жай қуану емес, шын пейілімен «Қайтсын, өмір бойы тигенін ішіп, іліккенін киюмен келеді, бойын енді күтпегенде қашан күтеді» деп жуып-шайып отыратын.

Бірде Уәкиланың мұндай пейілін естіген ауылдың бір әйелі «Несіне жаңа қосылғандай ғып отырсың сол шалыңды, «Қартайғанда кәрі боз жорға шығыпты» дегендей, көк соққаның шыбығынан жарылып, мына жердегі «лесниктің» жесіріне барып жүр дейді ғой» деп салған. Уәкила мұны әзіл сөзге баласа да, осы арада көңіліне бір секем алған. Кейін әркім-әркімнен талай естігенмен, ауыл адамдарының бір әзілдесе көпке дейін көлденең тартып жүретін бұралқы сөзі болар деп бұл шүбәсін іштей тұншықтырып жүрді.

Енді міне осынау жапан дүзде жалғыз тұрған қараша үйдің ішінде шошайып отырып, соның бәрін ой елегінен өткізді. Ой елегінен өткізе отырып, елдің өсегін шынға жорыды. Бір емес, екі емес, алды-артын кес-кестеген қаңқу сөзді шынға жорымастай шарасы да қалмап еді. Сонсоң-ақ бүткіл тіршілігі қаңырап қараң қалғандай, өресі жетпес шытырман өмірдің тәлкегі болып келгендей, осы уақытқа дейін мән-мағынасыз, дәм-татусыз ғұмыр кешкендей сезінген. Жай сезініп қоймай, бордай үгіліп жаси берді. Егіле отырып, ара-арасында әлсіз ғана күрсін дауыспен:

— Құдайым-ау, енді көрсетпегенің осы ма еді?! — деп қойды.

Шалының бұл қылығын қанша ойласа да ұшығына шыға алмады. Сақал-шашы бозарған шағында қандай ниет ойлап

жүргенін, не қылған бозбалашылық екенін түсінбеді. Ойлаған сайын езіле берді. Өмір бойы қызығын көріп, қымызын ішіп, бір-ақ күнде жұртқа лақтырып кеткен құрсаулы кеседей өзін-өзі ешкімге керексіз сезінді. Осындай сәтте көз жасына ие бола алмай ағыл-тегіл төгіп-төгіп алады. Сонан соң аз-кем үнілей отырып, тағы да бір шерлі әуенге қайта булығыады.

Уәкила өмір бойы күйеуінен қанша теперіш көріп, күні бүгінге дейін келіншек қып жаңа түсіргендей ысқырық-ызбарын бастан өткеріп келсе де, дәл қазіргідей көңілі қалып, құлазыған емес. Қандай ашу-ыза кернеп кейісе де, Ршыманды өзіне тірек, сүйеніш санатқызатын бір жұбаныш сезімі жүрек түкпірінде жататын. Енді міне, әйел жүрегі көтермес қасіреттің төбесі көрінгенде, тиянақ тұрлауы жоқ, алдамшы тіршілік кешкендей болып отырғаны мынау...

Уәкила осылайша ой жады боп отырып, талма түстің болғанын білмей қалды. Суға құлаған қой отарының ызыңшуылы естілгенде ғана өзіне-өзі келгендей болды. Іле етегін қағына орнынан тұрып жатып, «Құдай-ау, астамшылығым болса, тәуба қылдым» деп күбір етті. Сонсоң «қайдағыны шығарып, маған не көрінді» деп ойлады.

Жабығып көп жылағандікі ме, орнынан тұрып еді, Уәкиланың басы айналып, құлағы шыңылдады. Сонда да сүйретіле жүріп, Құдаймендеге шай қойды. Шағын ақ самаурынды бұталған тобылғының түбірімен бір толтырып, жас шайған бетін жуып жатқанда Құдайменде де келді.

— Апа, әкей бір жаққа кеткен бе? — деді ол аттан түсіп жатып.

— Әлгі бір әзірде жылқыны амандап қайтамын деп атқа мініп еді, — деді Уәкила. Бұл жауапты алдын ала дайындап отырса да, дауысы дірілдеп, қарлыққан үнмен әзер айтты.

Құдайменде болса, «мұнысы несі» дегендей кідіріп қалды. Іле әкесі мен шешесінің арасындағы соңғы кездегі қырбайлықты есіне алды да:

— Осы екеуіңе не жетпей жүр екен! — деп күнк етті.

2

Ршыман ақсақал бұл кезде қайың-терегі, мойыл-шілігі тұтаса біткен қалың жынысты Мыңбай сайын өрлеп келе жатқан. Беті — осы сайдың бас жағындағы Лесник қыстауы атанып кеткен жалғыз үй.

Ағаш арасын қуалаған жалғыз аяқ сүрлеудің тарам-тарам бұраланы көп болса да, әр иірімі Ршыманға таныс еді. Соңғы кездері күн демей, түн демей талай рет қатынағанда көкейіне жатталып қалыпты. Дәл қазір карт көңілі осынау малына құлпырған күзгі табиғаттың маужыр күйіне сүк көзбен қарап, ат тізгініне ерік беріп келе жатты.

Түнде түскен күзгі боқыраудың қырбығы қазір көз жасындай мөлтілдеп, табиғаттың сабыр күйімен жарасым тапқан. Жапырақ біткен ақ сары, қан қызыл, кара көк түсімен тершіп, болмашы діріл қақса болды, жарқ-жұрқ сәуле шашады. Осынау шұрайлы тау аңғарына ұйыса біткен мың сан өсімдіктің иісі де қазір шалқып, бұрқырап білінбей, тұна тербеліп, саф ауаға айналған. Байғызы шақырып, үкісі әуілдеп, сауысқаны шықылықтап жататын бұл төңірек енді дүбір-думан, ызың-шуынан арылып, дамыл алыпты.

Дәурені өтіп бара жатқан қоңыр күздің сарабдал реңі қазір Ршыманның көңіл күйіне де сан қилы сес беріп келеді. Бұрын ат басын бұрса болды, Лесник қыстауы жалықтырмас тәтті қиялмен тербеп, жетер-жеткенше асықтыра қол бұлғағандай болушы еді. Бүгін ондай сезімнің тербеуіне беріле алмай қойды. Бағана атқа мінерде Уәкиланың жаутандай қарап, жабыққан пейілін байқап қалғандікі ме, әйтеуір жол бойы Ршыман да шытырман ойдың шылауынан шыға алмады. Сондағысы, айналып келіп Уәкиламен бірге отасқан ыстық-суықты тіршілігіне орала берді. Алдымен осы Уәкилаға қалай үйленгенін, қашаннан бастап өмірлік жар етуге мойынсұнғанын ойлап көріп еді. Көмескі сезімдердің елесінен басқа анық сүйсінер ештеңе көре алмады. Бар-жоғы — әке үкімінен, әке шешімінен шыға алмайтын кезінде, әкесі «пәленшенің қызына құда түсіп, келісіп қойып едім, енді соны алып келесің» дегенде бұғалық түскен асаудай қатты бұлқынғаны есінде. Ол бір «ақ қашып, қызыл қуып жатқан» қиын заман болған соң, ақыры әке дегеніне көніп, ырым-жырымсыз-ақ жансыздап барып қызды алып келген. Сонда болашақ қалыңдығын қашан көріп тілдескенше «Өзінің қолы-басы бүтін, ақыл-есі түзу адам ба екен?» деп қатты қобалжығанын ұмытпапты. Жоқ, олай емес екен. Уәкила үріп ауызға салғандай, бұйығы ғана, ақыл-есі түзу қыз болып шықты.

Байқап қараса, содан бері өткен артық-кем тіршілік қарекетінде Уәкила бұған «мұның қалай» деп көрген пенде емес екен.

Ршыман мұнан әрі өз кіндігінен Уәкиланың он бір күрсақ көтергенін есіне алды. Оның үшеуін соғыс жалмады. «Шіркін, арыстай-арыстай тете өскен үш ұл еді-ау» деп қойды Ршыман іштей. Ал екі қызы бой жетіп қалғанда өз ажалдарынан өлді. Қалғаны қиын-қыстау заманда туғандікі ме, жастайынан шетінеді. Мына Құдаймендесі сөйтіп жүргенде көрген кенжесі. Балалары көп өліп, аузы күйген Ршыман кенжесі туғанда тағы да тұрмай жүре ме деп қатты қорыққан. Сол бір қуаныш пен қорқыныш қатар буған сәтте жаратылысындағы қияпат мінезін танытып, баласының кіндігін өзі балтаман кескен. Сол бетінде ширьға отырып: «Құдай жоқ, құдай бар болса он перзентімді бірдей жалмайтын не жазығым бар еді! Ендігі құдай осы... Мәңгі өлмейтін менің құдайым осы! Құдайменде... Құдайменде... Құдайменде!» — деп, туып жатқан нәрестенің құлағына үш рет айқайлаған. «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей, орауда отырған Уәкила болса, іштей тәубасын келтіріп, көзіне жас алған. Кейін мінез бітімінде көмпіс, тәубашыл әдетімен кенжесінің атын тура атаудан қорыққан Уәкила: «Осының атын айтудың қиыны-ай!» деп, «Құдажан» атап кетті.

Көзге көрініп, көкейге ілігер осы тақылеттес өмір жолын ойлағанда Ршыман Уәкилаға жаны ашып, мүсіркеп «енді қайтсін» деген сезімнен әріге бара алмады. Сонда жек көріп, зәбір шегіп, жалыққандықтан емес, қолынан келген, жүрегінен шыққан барлық ықылас-пейілі сол ғана болатын.

Осы кезде қалың жынысты орманша таусылып, «әй» дейтін жердегі алаңқайдан Лесник қыстауы да көрінді. Сол ақ екен, қалың ойдан әп-сәтте серпіліп сала берді. Енді оның ыстық-суықты көп көрген кәрі жүрегі күн ұзынғы сезімнен әлдеқайда қадірлі, бірақ несімен қадірлі екені өзіне де белгісіз, бұрын-сонды ұзақ өмірінде сезбеген де білмеген өзгеше бір аяулы сезімнің шылауына оралғандай болып еді. Алдымен Ршыманның көкейіне осы үйдің ендігі иесі болып отырған жесір әйел — Торғын орала кетті. Сонсоң оның қуаныш-сағынышқа толы тұп-тұнық қара көзін елестетті де, «иесіз таудың қуысында сарғая күтіп отырған шығар» деп қойды іштей. Бұл ой Ршыманның ынта-пейілін онан сайын күшейтіп, онсыз да пысық аяндап келе жатқан атын тебініп-тебініп жіберді.

Торғын осы төңіректің көп жылдан бергі орманшысы Әубәкірдің әйелі еді. Осыдан бір жыл бұрын бір-ақ жұма ауырып, Әубәкір дүние салды. Торғын болса төрт жасар

ұлымен ошақ күзетіп қала берді. Күйеуінің қыркын берген соң, совхоз басшылары әр түрлі жұмыстар ұсынып көріп еді, ол оған мойынсұнып, ықыластана қоймаған. Тіптен, көрші ауданда милиция болып істейтін Жақып ағасы келіп, көшіріп әкетемін деп қиғылық салғанда да: «Әубәкірдің жылы болмай жатып, құтылғанша асық боп отырғандай көрінбейін, Құдай да, әруақ та риза болсын, жылын берген соң көшіріп әкетерсің», — деген еді.

Одан бері жайлауда жиын отырған елдің басын қосып, бір қарасын сойып, Әубәкірдің жылын беріп те үлгерді. Ағасы Жақып болса жұмысбасты боп, әне-мінемен әлі күнге дейін көшіріп ала алмай жатыр еді.

Бірақ бұл екі арада Торғынның өмірінде айта қаларлықтай өзгеріс те болып үлгерген. Ол — Ршыманмен араларындағы алдамшы албырттықтан аулақ шынайы сезімге ұштасқан жағдай еді.

...Биыл көктемде көк қуалап таптырмай кеткен жылқысын іздеп жүріп, Ршыман осы Лесник қыстауына келген. Келген еңбегіне қарай іздеген жоғы осында екен. Арқа-басы босап, көкке тойынған жылқылар үйездеп үйренген көңді айнала қашып шықпай қойған. Сөйтіп жүргенде мінген аты қада ағашқа сүрініп, Ршыман оң жақ шынтағын қатты жаралап алды. Мұны көріп қалған жалғыз үйдің иесі Торғын да оңқай асықтай ыңғайлы адам екен, құрақ ұшып жүріп жәрдем көрсеткен. Алдымен қымсынбастан өзінен үлкен еркекті қолтықтап әкеп, үйіне кіргізді. Үй іші аса ұқыпты, талғампаз жанның қолын көргендей жинақы да таза екен. Ршыманның астына төрт қабаттап көрпе салып жіберіп, қаны тыйылмай отырған шынтағын таңып берген. Сол шақта Ршыман қырыққа жаңа ғана іліккен жас әйелдің уыздай ақ білегіне, болар-болмас толқын бере үлбіреген бұғағына, аршыған жұмыртқадай бүйрек бетіне, байлам астынан көрінген қоп-қою жылтыр қара шашына таңдана қарап отырып, жарақатының ауырғанын да сезбеп еді.

Торғын болса, қолын таңып бергеннен кейін ырғалып баса жүріп, әдемі ашықтықпен әзіл айтқан:

— Еркегі жоқ деп иілмей кеткіңіз келгенімен, мен де нышанасыз емеспін-ау деймін. Алдымен үйге түсіп, елеуі кетсеңіз бұлай болмас па еді, әлде қайтер еді, — деп сыңғырлай күлген.

Бұл сөзді Торғын қалтқы-қалтарысы жоқ ашықтығымен әзілге балап айтса да, Ршыман өзгеше жорып, «мұны-

сы қай емеуріні» дегендей ойланып қалған. Ойлана отырып Торғынның күлген кездегі ағара көрінген қаз-қатар тістерін, қызылы қайта қоймаған жұп-жұқа еріндерін, ақ мандайына қарай серпіле біткен қара қастарын іштей тамашалап, сүйсінумен болды, Жай сүйсініп қоймай, осынау көз алдындағы сұлулықтың алапаты басып-жаншып, есінен тандырып тастағандай, аузына жібі түзу сөз де түспеген. Бойына біткен тәкаппар, өр мінезі де дәл қазір өткінші бір жасандылық сияктанып, енді ғана өзіне тән қорғаншақ, жуас, тіптен ұялшақ мінезімен табысқандай халде отыр еді.

Осы кезде жаңағы өзілін Торғын елеусіз ғана ұмыт қалдырып, ұстамды сабырмен ауыл-елдің амандығына ойысты. Оның өзінде де әйелдігіне бағып «анау өйтіпті ғой, мынау бүйтіпті ғой, сол рас па?» деп қажамай, ауылдың қадірлі қарияларын сұрастырумен ғана тынған. Сонсоң шай қоюды ниет етіп, қам жасай бастап еді.

Ршыман осы сәт өзіне де түсініксіз қобалжу күйінен ыңғайсызданып:

— Шайға әуре болмай-ақ қой, алла разы болсын! Жүріп кеткенім дұрыс болар, — деп еді. Бұған келіспеген Торғын шын қонақжай ықыласын білдіре:

— Жайлауға дейін біраз жер ғой, атсоқты боп, шөлдеп қаларсыз, асықпаңыз, — дегенде, неге екені белгісіз, Ршыманның келіспеске шарасы қалмады.

Торғын шығып кеткен соң да осы бір көрген түстей тәтті сезімін ұштай түспесе өшірген жоқ. Онысын «Жөн-ау, теріс-ау» деп өзіне-өзі есеп те бермеді. Бұрын қойнында байы, қолтығында баласы болған соң ба, Торғынды зәуде бір көргенде тәуірлігін іштей мойындап жүретіні болмаса, дәл қазіргідей қызу сезімге бой алдыра қоймайтын. Енді міне, өткінші ғана сәттік қызығудан бөлек, өзіне де белгісіз, бұл ғұмырында көріп-білмеген, өзгеше бір сезімнің әлдиінде отыр.

Шай ішіліп болған соң, Ршыман сұлу-сыпайы ғана аттанбақ болғанда, жараланған қолындағы қаны сыртына шығып тұрған шүберекті Торғын ауыстырып орап бере қоюды ниет етті. Іле қатар бөлмеден таза шүберек әкелген ол Ршыманға жанаса тұрып, қолын қайтадан орай бастап еді. Осы кезде Ршыманның көзі еркінен тыс тағы да уыз бұғақты, ақ білекті, жібектей қара шашты қыдыра берген. Енді оны да қанағат тұтпағандай, қиыла біткен мықынын, қимыл үстінде діріл қаққан көтеріңкі омырауын, мінсіз жұмырланған иығын комағайлана сүзіп келіп, балапан

шашы түскен әжімсіз әппак мойнына келгенде өзін-өзі мүлдем ұмыттырған құмарлықпен қадала қарап қалған еді. Осы сәт Ршыман бөлек бір тегеурінді тасқынның арынына бой алдыра бұрып, әзіл айтқан:

— Пай-пай, Торғын-ай, қолың неткен жұмсақ еді, әлдеқашан қатып кеткен сүйегімді қорғасынша балкыттың-ау! — деп еді.

Торғын дәл қазір Ршыманнан мұндай әзіл күтпеген. Сонсоң да танданыс үстінде түп-тұнық қара көздерін жалт еткізе мойын бұрып еді. Сонда Ршыманның ақ-қарасы айқын аялы жанарынан қызулы құмарлықтың ұшқынын көріп, ет жүрегі лүпілдеп қоя берген. Бірақ осы бір өзіне де белгісіз ішкі сезімін тұншықтыра тұрып, әзілге әзілмен жауап қайырған.

— Бәрекелді, өтірігіңізге береке берсін, Реке-ау, осы жасқа келгенше жылы-жұмсақты жаңа көргендей бола қалғаныңыз не?

Мұнан әрі Ршыман үнсіз ғана осы бір ойда жоқта айтылған әзілді елеусіз қалдырып еді. Сонда тәжікелесуге сөз таппағандықтан емес, Торғынның әлгі жауабынан кейін шынында да осы жасқа келгенше дәл қазіргідей жүрегін сыздатқан ағыны күшті сезімді көрмегенін іштей мойындап, терең танданыс үстінде үнсіз қалған. Бұл үнсіздік Торғынның да көкейіне әп-сәтте талай-талай сумаң ойларды жүгіртіп үлгерген.

Алайда Ршыманның осы бір үнсіздігі, осы бір беріктігі ұзаққа жетпеп еді. Торғынмен қысқа қайырым ғана қоштасып атына мінген Ршыман сол күні қонуға Лесник қыстауына қайтып оралған.

Ршыманның әйтеуір бір емеурін білдіретінін Торғын да іштей сезгенімен, дәл бүгін қайтып оралар деп ойламаған еді. Сонсоң да Ршыман түнделетіп келіп есік қаққанда:

— Реке, сіз бе едіңіз?! — деп абыржып қалған Торғын Ршыманды үйіне кіргізіп, жайғасқан соң қылымсып-көлгірсуі жоқ ашықтықпен мұңая отырып, сөзді өзі бастап еді.

— Опыр-ай, Реке-ай, бұл жүрісіңізді түсінбедім ғой... Жалғыздығымды басынғаныңыз ба, жоқ әлде қызыққаныңыз ба... Мұныңыз қалай...

Бұл сөзді Торғын өзгеше бір толқу үстінде, өзіне де белгісіз дәрменсіздікте әзер айтып еді. Ршыман болса түбі сөзді өзім бастармын деп, сырттай сабыр күйінде отырғанды. Енді Торғынның әлгі сөзі қанына шоқ тастағандай тұла бойын ду еткізгенде:

— Жо-жок, олай ойлай көрме, Торғын! Екеуі де емес... Екеуі де емес! — деп асыға қайталаған.

Қарт адамның мұншалықты шыншылдықпен толқи тіл катуы Торғынды онан әрі еркінен айырып, бөлек бір тегеурінді иірімге тарта жөнелгендей болып еді.

Бір-біріне деген емеурін пейілдерін іштей ұғысқан Ршыман мен Торғынның алғашқы жауаптасуы осымен тынған. Енді олардың арасында қиын бір тосқауылдан өткендей бүкпесіз, ашық жарасым басталып еді.

Осыдан кейін-ақ, Ршыман Лесник қыстауына келуді жиілетіп еді. Сонда толған айдай жесір әйелге деген лып етпе құмарлық қызығуы емес, бір жұма көрмесе кәдуілгідей сағынып, құлазып, көзіне ештеңе ілікпей қоңылтақси берген соң келетін. Торғын да Ршыманға кәдуілгідей бауыр басып, еті үйреніп, оның шыншыл пейілінен қанағат тапқан соң келуін күтіп, елеңдеп жүретін болған.

Соңғы кезде күзеуге көшудің әлегімен жүргенде Ршыманның бұл жаққа ат ізін салмағанына айдың жүзі болып қалып еді. Қазіргі шақтағы атын тебіне түсіп, көз алдындағы үйге жеткенше тағатсызданып келе жатуының себебі де сол болатын...

Әдеттегідей Ршыманды төрт көз қара төбет қарсы алды. Күрп-күрп етіп үріп шыққан тайыншадай төбет тақалып келе үруін тоқтатып, «е, сен екенсің ғой» дегендей жөніне кетті. Бұл кезде үш-төрт жасар Төкені етегіне оралып, үйден Торғын да елеңдей шыққан еді. Ол Ршыманмен әбден етене жақын болған адамша, еркін амандасып, тіл қатысты. Кішкене Төкен де үйірсек шыраймен жүгіріп келіп қол беріп еді, Ршыман «Ой азамат!» дей келіп, баланың маңдайынан иіскеді. Мұнысы қазіргі сәтте көз қылғаны емес-ті. Торғынға ықыласы ауғалы бейкүнә балаға да шын пейілін көрсетіп, бойына үйір етіп алған.

Ршыман үйге кіріп жайғасқан соң, Торғын мұңая отырып, өзінше соңғы күндері кәдуілгідей елегізіп, сағынғанын салқын сабыр үстінде емеурін ете сөйледі.

— Соңғы кезде ат ізін сиреткенге ұмытты ма деп, бар болғаны осы ғана ма деп, күдер үзуге айналып едік, — деді жағымды таза дауыспен.

Мұнысын еш жасандылығы жоқ, шыншыл сырдай қабылдаған Ршыман да:

— Ұмытты ма дейсің-ау, Торғын, неге ұмытайын... Өзіңе белгілі, бұл уақыттың қарбаласы көп, бір мазасыз шақ қой.

Үйді күзеуге қондырып, тізгін ұстауға мұршаның келгені де осы болды, — деді.

Осы бір қысқа-қайырым жауаптасу Торғынның да, Ршыманның да сағыныш кернеген жүректеріне қанағат беріп, өзгеше бір жағымдылықпен сабыр күйлеріне түсіріп еді.

...Торғынның қасында бір түн, бір күн болып, сағынышын басқан Ршыман ертеңінде кешке қарай жүрмек болды. Ол атын ерттеп боп, үйге кіріп еді, Торғын айтар сөзі бар шырай танытқан соң, төр алдына тізе бүкті.

— Үй-күйің, іздейтін жоқтаушың болған соң қайтқаның жөн ғой, жата бергенмен бола ма, — деп барып Торғын азкем кідіріп қалды. Сол бетінде өңінен уайым табы біліне отырып, айтқысы келген сөзін сабақтай түсті.

— Тәңірімнің неменеге бастап тұрғанын кім білсін, әйтеуір бетінді қақпайтын бір пендең болдым ғой. Осы жасқа келгенде сүйдім-күйдім деп айтудың өзі күлкілі көрінгенмен, ойлап отырсам өзіне деген пейілім өзгеше сияқты. Оған еш өкінішім де жоқ. Бірақ айлы түнде жасырынып кездесетін қыз емес екенімді ойласаң етті. Мұнымды болдым, тойдым, қанағатымды алдым дегені екен деп қабылдай көрме. — Торғын осылай деді де көңілі босап, түп-тұнық аялы жанарын жасқа толтырды. Іле қысылып-қорғанбастан мөлт еткізіп ыстық жасын сығып тастады да, көкірегін қысқан өксікке булыға отырып, тіл қатты.

— Жария болар істі сенен жасырып қайтем, бойыма бірдеңе біткен сияқты...

Онсыз да бауырына баса аялап, жұбатқысы келіп отырған Ршыман Торғынның соңғы лебізін естігенде отырған орнынан қопаң етіп көтеріліп барып, қайта отыра кетті. Әп-сәтте тамағы кеберсіп, өзіне де тосаң естілген толқу үнмен:

— Жаркыным-ау, не дедің?! — деп еді.

Ршыманның екі қолы алдына сыймай, етек-жеңін сипана отырып айтқан осы бір жалғыз ауыз сөзі тосын бір сезімнен есеңгіреп қалған жанның күйін танытқан. Неге екені белгісіз, осы бір қас-қағым халде отырып мейірімсіз соғыс жалмаған арыстай-арыстай үш боздағын есіне алды. Есіне жай алған жоқ, сол үш боздағының бірі тіріліп келгендей жүрегі шымырлап қоя берді. Сонсоң Құдаймендесінің жалғыздығын ойлай отырып, жалғызының өкшесін басар жанашыр тапқандай болды. Сол сәт оның көңіл күйі ырық бермей шарықтап, осынау жарық дүниеге

жар сала кезіп кеткісі келді. Кәрі кеудесіне ет жүрегі сыймай, дегбірін ала дүбірлеп есін шығарды. Тағы да сол сәт тұла бойына алапат бір қайрат біткендей, апырып-жапырып қыруар бір іс тындырғысы келді. Бірақ қандай іске білек түрерін білмей булығы берді. Сонсоң өз бойындағы жойқын күшті жария ете алмасын мойындағандай Торғынға қосылып, ағыл-тегіл жылағысы кеп кетті. Мұның бәрі де кеш келген аяулы сезімнің мерт қылар қуаты екенін сол жерде Ршыман пайымдай алмап еді.

3

Сол күні Қопалыдағы үйіне Ршыман қас қарайып, көз байланғанда келді. Жол бойы біресе ыңылдап ән айтып, біресе өз-өзінен жалықтырмас ойға шомып үйге қалай жеткенін де сезбей қалып еді.

Мал қораланып, Уәкила мен Құдайменде кешкі тамақты алдарына жаңа алған екен, Ршыманды үн-түнсіз қабылдады. Тек бел шешіп отыра бергенде ғана Құдайменде:

— Жылқы амандап қайттыңыз ба, әке, аманшылық па екен? — деп еді. Бұған «е-е» деп келте ғана емеурін етті де қойды. Ршыман көбінесе ашулы, ызбарлы сәттерінде үй ішімен осылайша қысқа қайырым тілмен жауаптасатын. Немесе өзі де үндемей, өзгенің де үндегенін жақтыртпай тұнжырап отырушы еді. Қазіргі қалпында ондай қырыс қабак байқалмаса да, әкесінің немкетті жауап берісіне Құдайменде таңырқап қалды. Сонсоң да, сөз бастағанда жылқының қайда жатқанын, қалай жатқанын сұрағысы келсе де, әрі қарай үндеген жоқ.

Ршыман болса мұны елеместен дәмге такала беріп:

— Ит-құс білінген жоқ па, қалай? — деп бір қойды. Іле үй ішін аз тындап үйренген әдетпен жауап күтпестен сөзін жалғады.

— Жылда үйір-үйірімен тал түсте шауып, бықпырт тигендей қылушы еді. Биыл со құрғырлар басқа жаққа ауған-ау деймін.

Осы кезде әкесінің әлгінде ғана елемеген мінезін ұмытып үлгерген Құдайменде сөзге араласты.

— Әй, қайдам-ау, бүгін қойды Мыржық жартасының түбіндегі қара суға құлатып едім, су жағасында мөрдей боп үш қасқырдың ізі жатыр. Екеуі бөлтірік, бірі үлкені. Сірә, Мыржықтың қиын тасын сағалап кеп су жаласа керек, — деді.

— Е, ол күшігін осы маңнан өргізген қаншық қой, әйтпесе баяғыдан бері сан шулыған етеріне дау бар ма?! Нақа бір өзегі талып, көзі қарайғанда болмаса, ін салып, күшік өргізген жердің малына соқтықпайды, — деп Ршыман үй ішіне оң шырай беріп отырғандағы әдетімен түсіндіре сөйледі.

Қасқыр туралы әңгіме осымен тынды. Уәкила бұл сөзге араласқан жоқ.

Осы кезде Ршыман бағана жол үстінде түйген ой-жоспарының бір ұшығын елеусіз ғана сөз ете отырып еді.

— Күз жарықтық биыл жақсы боп тұр ғой. Бірақ қашанғы бұлай болар дейсің. Қарашаның қарлы-жаңбырына ұрынбай тұрып, қора-жайдың ашық-тесігін де бүтіндеу керек еді. Құрғақ кезінде отын-суды да қамдап алмаса болмас, — деп бастады сөзін. Бұған Уәкила да, Құдайменде де келісім-кесімін білдірген жауап бере қоймап еді. Ршыман сөзін әрі қарай жалғай түсті. Бұл жолы жаңағы көлденең тартқан көп жұмыстың әрекет-шарасы сияқтандырып өзінің негізгі ойын айтты.

— Қарап отырғанмен бізге біреу істеп бере ме, тырбанып әрекет қыла бермесек. Сондықтан үйдің ішін алып, сендер қыстауға бара бергендерің жөн болар.

Бұл пікірге елең ете қалған Құдайменде:

— Сіз жалғыз өзіңіз малға ие бола аласыз ба? — деп киіп кетті.

Уәкила да алғашқыда таңырқағандай болып еді, іле «тағы да не сұмдықты бастағалы отыр» деген оймен үнсіз қалды.

— Малды уайымдамай-ақ қой, — деп жауап берді Ршыман, — «бір жылға қоян терісі де шыдайды», енді қалған бір ай-жарым айға шыдам жасамаса бола ма? Бұл кез малдың тойынып, ет алатын шағы ғой. Сендер қыстаудың жұмысын мырсындай қылсаңдар, малға аландатпаспын.

Ршыман мұнан әрі жылда кіріп жүрген қоржын үйге жапсар салынған, есігі қора ішінен бөлек шығатын шошаланы жөндеп, ішіне үш құдық пеш салу керектігін айтты. Ондағы ойы көмекшінің жоқтығын сылтау етіп, кейін Торғынды көшіріп алу еді. Осылайша жансыздап жақындасып, шаңырағының бір мүшесі етпек. Бұл байламға әлгінде жол бойы ойланғанда келген. Бір қызығы, сонда үй ішінен қаймығып, мұныма не дер екен деген ой Ршыманның қаперіне де кірген жоқ. Тек қана іштей «Заман шіркін қиын»

ау, өттең!» деп, кимыл әрекетін осылайша еріксіз жұмсартқан болып еді.

Енді міне, шошаланы жөндеуді айтқанда Құдайменде:

— Оны қайтесіз, әке-ау, коржын үйді тарсынып отырсыз ба? — деп ойламаған жерден сұрақ қойды.

Бұған әп-сәтте не деп жауап берерін білмей қысылып қалған Ршыман алдымен аңырайып ұлына қарады. Сол сәт Құдайменденің өңіндегі бүкпесіз ашықтығын, есейген баланың әке алдындағы күмәнсіз сенімін байқаған Ршыман өзінің болмысына жат мінез көрсетіп, ойда-жоқта әзілмен алдарқағысы келді. Әзілдемес бұрын ағы дендеген бурыл мұрты жыбырлап, ұрт еті бүлкілдегендей болды да Уәкилаға мойын бұрды.

— Осы баланды да біреу-міреу дардай азамат болды дейді-ау, ө! — дей келіп, — кемпір-шалдың қолаңсасын мұның әлі де кимайтынын қайдан білсін... Тіптен, бөлек үйді қайтеміз деп отырған жоқ па? — деді. Ршыман сөзінің соңын зәуде бір күлетін сабырлы кеңкіліне сала отырып айтты.

Бірақ бұл күлкісі үй ішін еліктіре алмады. Құдайменде әке қабағынан күтпеген, тосын шырайға үйренбеген, іштей таңырқаған күйде отырды. Уәкила болса күле құптаудың орнына Ршыманға деген күдік-күмәні бұрынғыдан да тереңдеп, «бұ не қылған желік, не қылған бүкпантай... ата сақалы аузына түскенде иектеген қандай өзәзіл...» деген ойдың шырмауында булығы берді. Сол күйінде Ршыманның тұмсығы тасқа тимей, бет алған ісінен қайтпайтын адуындығын есіне алып, өз ойынан өзі шошығандай халге түсіп еді. Бірақ жаратылысынан көнбіс, от басының тыныштық, берекесінен басқа тілеуді білмейтін Уәкила өзгеше шырай танытты. Сонда Ршыманның қаһарынан қаймығып емес, жалғыз ұлы Құдайменде сезіктеніп қалса, әке мен бала арасы қырбай болар деп, қыпылдап жуып-шайған еді.

— Е, тәңірім Құдажанның бөлек үй болуына жазсын... Алла ниетінді құп көрсе үй ішіндегі үйді жөндемек түгіл, отау көтерсек те сөкеттігі жоқ қой, — деп Уәкила салқын ғана тіл қатты. Ршыман Уәкиланың астарлы емеурінін іштей түсініп, сөздерінің жараспай отырғанын сезсе де, қаперіне ілген жоқ. Тіптен «осыларды соншама неге өбектеп отырмын» дегендей қату күйіне түсті. Сонсоң салқын қабақ таныта отырып, аз сөзбен ертеңгі көш-қонның жайын айтты да, ертерек тынығайық деп емеурін етті...

Күнімен қой соңында болған Құдайменденің басы жастыққа тиісімен қор ете қалды. Бұл кезде Уәкила әдеттегідей

жылы киініп алып қой күзетіне шыққан-ды, Ршыман болса қазан суыт болсын деп қаңтарып қойған атын үй желкесіндегі қиякқа арқандап жүр еді.

Қазіргі шақта қорғаланқырап туған ай шарланып, жаңа көтеріліп келе жатса да, маңайды сүт сәулеге бөлеп, маужыр түнге өзгеше бір жарасым беріп тұр. Үлкенді-кішілі жұлдыздар да дүркірей көрініс беріп үлгерген. Құс жолының түбіт түсі шүйкедей созылып «мен мұндалап» жатыр. Әлсін-әлсін аспан төсінен белгісіз бір жұлдыздар ақ жіпше шұбатылып сорғалай жөнелді. Бағана бір әзірде жосадай қызарып тұрып алған батыстың қоп-қою барқынын шапағы әбден сөніп, солғын тартыпты. Қопалы күзегінің түстігінде ирек жасап жататын адырлар да көмескіленіп, жер мен аспанның жымдасқан жеріне буалдыр перде тұтқандай түпсіз қараңғылық орнаған. Сол қараңғылыққа үндес құлаққа ұрған танадай шыртыныштық. Тек қана анда-санда Шілікті сайының жоғарғы жағындағы қызыл тастан «әуп-уп» деп үкі шақырады. Мұның өзі қазіргі жанға жайлы маужыр түннің ғажайып тамашасындай, естіген құлақты еріксіз елең еткізеді. Боқыраудың қоңыр лебі бойын сергіткен соң, Ршыман атын арқандап болса да, үйге қайтуға асықпады. Ұйыса біткен қияқты әрі-бері тізеден кешіп біраз жүрді. Сол жүрісінде ертеңгі көш-конның жайын ойлады. «Машина іздеп біреуге телміргенше, мына тұрған жерге арбадан оңтайлысы болмас» деп түйді іштей. Сонсоң басын көтеріп, көк жүзіне қарап еді, шырқау биікте шүпірлеп тұрған үркер көзіне ілікті. Сол сәт неге екені белгісіз, есіне Торғын түсті, іле ет жүрегі лыпылдай соғып, дардаң қабырғасын дүңгірлетіп жібергендей болды. Өз-өзінен толқып, тынысы жиілеп, өзіне де белгісіз бір шарасыздық алқымына тығылып, шалғынға отыра кетті.

— Тәңірім-ау, ақырының қайырын бере көр! — деп күбірледі. Сол бетінде береке-пәтуасы жоқ, шым-шытырық ойларға езіліп біраз отырды да:

— Қиянат-зорлығым болмаса, қымқырма-қылмысым болмаса, мен неден жасқанам осы! — деді дауыстанқырап.

Бұлай деп өзіне-өзі басу бергенмен, Ршыманның көкірек түкпірінде бөлек бір үн: «Сақал-шашың қудай боп, сенің мұның не?.. Бозбала болған балаң бар, сенікі не бозбалашылық?.. Мынауың бұл күнінді көпсінгендік қой...» дегендей болды. Бұл — Ршыманның осынау тірлігінен жасқанғандығы, алпыстан асканда барып келген қасиетті

сезімнің байыбына бара алмағандағы өз ойы еді. Өз көңіліндегі итжығыс мазан ойлардың бір ұшығы еді.

Ршыман қанша ой жады болғанымен, осының бәрі де мезгілсіз келген махаббат шарпуы екенін сезбеді. Тіптен, осынау ұзақ өмірінде әйел затына бұлайша ынтық боп көрмегенін, жүрек шіркіннің ағыл-тегіл төгіле бір-ақ рет балкитынын, сол балқудың сәті кештетіп келгенін ойлап та көрген жоқ. Мұнысын «махаббат, ғашықтық» деп балауға жүрегі дауаламайды. Тіптен күрсіне отырып, өз ойынан қолайсызданғандай болды. Бірақ бұ тірлігінің оғаштығын бар болмысымен қанша сезінсе де күн өткен сайын Торғынға деген аяулы сезімінің құлына айналып бара жатты.

...Шалғын үстінде бір ауық отырып қалған Ршыман терең күрсініп алып, орнынан тұруға ыңғайланып еді, үй жақтан әлдене қарандағандай болды. Кішкенедең соң Уәкиланың тық-тық жөтелгені құлаққа келді. Уәкиламен әйтеуір бір бет ашысудың болатынын іштей күтуде жүретін Ршыман бір тықыр күткендей өзі-өзінен қолайсызданып, шалғын үстіне қайтадан отыра кетті. Іле тырп-тырп басқан Уәкиланың әрбір қадамы «жайың белгілі, жайың белгілі» деп қайталағандай, тұла бойы ысып сала берді. Бәрібір жария болар тірлігінен танбау керектігіне мойынсұнып отырса да, Ршыман қалай ақталудың қисынын таппады. Торғын мен арасындағы жарасым тапқан оғаштығы жоқ тәтті сезімін басқа ешбір жан түсінбейтіндей, түсіну былай тұрсын, келеке-кылмыс көретіндей сезінді. Әсіресе, бұл қылығына Уәкиланың кірпідей жиырылатынына күмәні жоқ. Сөйте тұра, «тулап-тулап басылар, қайда барар дейсің» деп өзіне-өзі сабыр беріп еді.

— Немене, жайшылық па? — деді Ршыман тақалып қалған Уәкилаға самбырлай сөйлеп.

Уәкила тіл қатпастан әбден жақындап келді де, шалғынға тізе бүкті. Сонсоң терең уһілеп алып:

— Ақсүйек ойнағалы келді ғой деймісің, жайшылық болса, ай қарағандай боп өзің неге отырсың? — деді.

Бір ауық тұнжырап, үнсіз қалған Ршыман болған істі бүкпесіз ақтара салғысы келіп оқталып еді, аузына сөз түспеді. Қалай бастаудың ретін таппады. Сонсоң осынау ұзақ өмірінде алғаш рет Уәкиладан қорғалап, қысыла отырып басқаша шырай танытты.

— Түн жарықтық малға да, адамға да жайлы екен. Таза ауаны қимай отырғаным рас, — деді.

Осы кезде Уәкила киіп кетіп, кекесін дауыспен:

— Ойпырым-ой, елжіреуін-ой, елжіреуін-ой! Енді қайтсін күні өтіп барады ғой... Өтірігіңе береке бергір-ау, онан да құдай атып, басым базарлы болып отыр десейші! — деп еді.

— Тек... Не дейді! — деген Ршыман осы кезде еңсесін көтеріп алды.

Мұнан өрі Уәкила мұңая отырып, тұспал-долбары жоқ ашықтықпен сөз бастады.

— Ендігі бұқпантайынды көтерер халім жоқ, Ршыман, — деп күйеуінің атын атай сөйледі. — Әуелгі кезде ел сөзіне нанбай жүрдім, онан соң өз ошағына айырбастамас, тоятын алған соң басылар, сабасына түсер деп жүрдім. Бірақ қояр түрің жоқ, далаға карап ұлыған байлаулы көкжалдай отырысың мынау... Онымен қоймай енді қолыңа кіргізіп алуды ниет ететін сияқтысың... Мені бір мәжнүн санағаның ғой... Қайтейін, кәрі қойдың жасындай жасым қалғанда сақтап жүргенің осы болса, амалым қанша!..

Уәкиланың дауысы жарықшақтанып, жасып, камыққан күйде көзіне жас алды. Алғашқыда өзінше катаяып, түйініп-ақ келіп еді, ақылына сыймас сұмдықты аузына алғанда өзіне-өзі ие бола алмады. Енді тегеурін көрсетудің орнына өксігіне тұншыға отырып, жүрегінен лықси шыққан сыр шерін айтып еді.

— «Бұл тоқсан көремін деген жасым ба еді, быламық татамын деген асым ба еді» дегендей, онша да мұнша жүріп мұндай маскараға кездесем деген ойымда бар ма... Бұған дейін көрдім деген құқайым жырдың күйі екен ғой. Тарықсам да, жабықсам да сырдың суы тобығымнан келмей өзінді тірек етіп жүргенде, көрсеткенің осы болса, бұ тіршіліктің не бағасы қалды?! Түн жамылып отырмын ғой, енді қалған аз ғұмырымда байсырайын деп байбалам салып отырғаным жоқ. Досқа күлкі, дұшпанға таба болатыным қабырғама батады. Болатыным деймін-ау, жария болмаған несі қалды бұл қылығыңның... Есі бар, алды-артын ойлайтын қатын тәрізді еді, Торғынды не кара басқанына да қайранмын... Әйтеуір, тәңірімнің менен аяғаны жоқ, қандай пейілімнен тапқанымды қайдан білейін?.. Әлде бетіңе келіп: мынауың былай деген жерім бар ма? Кінәм болса қолыңды қағар кім бар еді, Ршыман-ау?! — Езіліп жылай отырып, мұңын шаға сөзін аяқтаған Уәкила сіңбіріп тастап, жаулығының ұшымен көзін сүртті. Бұл кезде Ршыман да Уәкиланың сөзінен оғаштық таппай, шын пейілімен

«енді кайтсін, мұныкі де жөн-ау» деп іштей күптап отыр еді. Сонсоң да айтар сөз, ашылар сырын айбар, ызбары жоқ сабырмен бастады.

— Кінәм бар ма дейсің, Уәкила. О не дегенің, «таз ашуын тырнадан алар» дегендей, сенен кінә тауып, басқаға ұрынар бала ғой деймісің... Саған тағар еш кінәм жоқ. Өзіңмен отасқан ұзақ өмірімде жанашыр жақындығыңнан басқа жатсынар мінезінді көрген емеспін. Шүкір, етегің де күтсыз болған жоқ, туып сүйініп, өліп күйінбеген де бар. Өзіміз туды сүйіндік, өлді күйіндік, енді қалғанына қанағат. Оған да тәуба. Сөйткенмен, жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Балаңның өкшесін басып, соңынан ағалап жүретін бір жас иіс болса оның несі айып! Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып болмайды екен, тәңірім талайыма не жазса да, бір іске бел буғаным рас. Ақталып отыр деп ойлама, алдыңнан өткенім деп қабылда. Он ойланып, жүз толғанғанда басқаша шарамның жоқтығын айтқым келеді...

Ршыманның дәл қазіргідей ағынан жарылып, іш тарта отырып, сыр ақтарғанын осынау ұзақ отасқан өмірінде Уәкила көрмеген еді. Сонсоң да жаратылысындағы жібі жуас, жүрегі жұмсақ Уәкила шалының сөзін елжірей, көзіне жас ала отырып, шын жанашыр жақындықпен тыңдады, тіптен Ршыман бет алған ісінен қайта алмайтынын айтып салғанда да, Уәкиланың көкейіне «Мені қомсынып, еркектік қуаты шыдатпай жүргеннен сау ма өзінің... Әбден бауыр басып алған адамның сөзі ғой мұнысы» деген ой келді. Ол ойынан қымсына отырып, сыры мәлім шалының әлі де қайрат-қуаты қайтпаған қышырлы, тегеурінді, құйған мүсіндей сергек отырысына ұрлана карап қойды. Бұл күйінде Ршыманды жазғырып, кінәлаудың орнына, кәрілік деген құтылмас тығырыққа өзінің тым ерте тірелгенін іштей мойындап, шарасыздық халіне түскендей еді.

Уәкиладан басқа мінез күтпеген Ршыман тамағын кенеп қойып, сөзін қайта жалғады. Оның ендігі үнінде сырын ақтарып, шешіле сөйлеуден гөрі, істеген қылмысына еті үйренген, бел алған адамның қалпы бар.

— Несіне ұзатылған қыздай ағыл-тегіл боп отырсың! Тарт әрі, тоқал алған еркекті жаңа көргендей болмай... Онысы несі, мың жерден тоқал алайын, Құдайменде тұрғанда мен үшін сенің жөнің бөлек емес пе, соны да сезбеймісің... Жарайды, жетті! — деген Ршыман камкорси зекіп қойды.

— Мені қойшы, сенің қай қоқайыңа көнбейді дейсің... Ортамыздағы жалғыз балаң жатағынан түңілген құлындай

өзіңе жат бауыр боп кетеді ғой... Тілімді алсаң, қайт райыңнан, — деп Уәкила тағы да көзінің жасын сығып алды. Ршыман болса, енді үлкен бір іс тындырғандай көңілін демдеп, жүрегін күпті қылған бір тосқауылдан бұлай өткеніне мағұрланып, тіптен сол қылығын дәл қазір жөн көрген адамның сыңайын таныта өктем тіл қатты.

— Болды-болды, ештеңе жоқ... Тый жасынды, қайдағыны шығармай! Осындай-ақ болсын! — деп Ршыман орнынан тұра беріп еді.

...Түнімен қайдағы-жайдағыны есіне ала отырып, егіле жылаған Уәкиланың көз шарасы ертеңіне бұлаудай боп ісіп шықты. Мұны көрген Құдайменде бұрынғыдан да таңырқай түсіп «апырмау, осы екеуіне не жетпейді-ей» деп ойлады.

4

Уәкила мен Құдайменде үйдің ішін алып қыстауға көшкен соң-ақ, Ршыман Торғынды қолына кіргізіп алды. Жәнеден көш-қонды қиынсынса да, ешкімді мазалаған жоқ. Отарын шырқата жайып, Лесник қыстауына дейін барған Ршыман Торғынның мүлкіне ат-арбамен екі-ақ қатынады.

Алғашқыда Торғын көшу-көшпрудің қисынын таппай екі ойлы болып, қатты толқыды. Ақыры «бәрібір жария болмаған нем қалды, есіз таудың қуысында ай-күнім тақалғанда мәнісім де болмас» деп тәуекел етті. Оның үстіне Ршыманның қалтқысыз, қызулы мінезіне бауыр басып, шыншыл пейілінен жұбаныш тапқан соң да, бетін қайтара алмаған.

Торғынды қолына алысымен-ақ, Ршыман бір нән қойды сойып тастады. Сол күні түнімен екеуі де кірпік ілген жоқ. Кішкентай Төкенді ұйықтатқан соң, күздің ұзаған түнінде бір-біріне деген балаң сезімнен ада, әбден толысқан, үлкен жүректің шынайы ықыласын білдірумен болды. Әсіресе Ршыман қанбас, жалықпас құмарлықпен Торғынға көз тіге отырып, өзінің қазіргі тірлігіне деген шын ризашылығын таныта сөз қозғап еді.

— Тәңірім қадамыңды қайырлы, құтты қылсын, Торғын. Өзіңе ғана айтқан имандай сырым ғой — осы жасқа келгенше дәл қазіргідей жар қызығын көріп, дәл қазіргідей пендеге лайық зор қуаныш кешкен емеспін. Түн жамылып отырмын ғой, сорлы Уәкиланы жамандағаным